



Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (Заемшы ретінде) мен Кореяның Экспорт-Импорт Банкі (Кредитор ретінде) арасындағы 3 400 000 АҚШ доллары сомасына заем туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 23 маусым N 61-II

Сеулде 1999 жылғы 29 желтоқсанда жасалған Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (Заемшы ретінде) мен Кореяның Экспорт-Импорт Банкі (Кредитор ретінде) арасындағы 3 400 000 АҚШ доллары сомасына заем туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (Заемшы ретінде) мен
Кореяның Экспорт-Импорт Банкі (Кредитор ретінде) арасындағы
3,400,000.00 \$ US

Заем туралы келісім

Заем туралы осы келісім:

лайықты дәрежеде құрылған және Қазақстан Республикасының заңдары шеңберінде әрекет ететін, бас кеңсесі: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Республика даңғылы, 60-мекен-жайы бойынша тіркелген, мемлекеттік мекеме, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ("Заемшы") және лайықты дәрежеде құрылған және Корея Республикасының заңдары шеңберінде әрекет ететін, бас кеңсесі: Корея, Сеул, Yoido-dong, Youngdungpo-gu, 16-1-мекен-жайы бойынша тіркелген Кореяның Экспорт-Импорт Банкі ("Кредитор") арасында 29 бет болып толтырылды және жасасылды.

СОҒАН СӘЙКЕС лайықты дәрежеде құрылған және Қазақстан Республикасының заңдары шеңберінде әрекет ететін, бас кеңсесі: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Манас көшесі, 4-мекен-жайы бойынша тіркелген, мемлекеттік мекеме, Қазақстан

Республикасының Ішкі істер министрлігі ("Сатып алушы") және Кореяның заңдарына сәйкес ұйымдастырылған және жұмыс істейтін, бас кеңсесі: Корея, 150-606, Сеул, Янгдунгпо-гу, Йодо-Донг, LG Твин Тауэрс, 20-мекен-жайы бойынша тіркелген LG International Corp. корпорациясы and LG Information & Communications Ltd., (LG International Corp. бірлесіп "Беруші"), LG Кореяның заңдарына сәйкес ұйымдастырылған және жұмыс істейтін, бас кеңсесі: Корея, 135-080, Сеул, Кэнгнам-гу, Йоксэм-Донг, LG Кэнг-Нам Тауэр, 679-мекен-жайы бойынша тіркелген, корпорация 1999 жылғы 31 қазанда көрсетілген Police C31 Жобасының екінші бөлігі үшін Беруші беруге және Сатып алушы сатуға келісім-шарт ("Келісім-шарт") жасасты.

СОҒАН СӘЙКЕС Келісім-шарттың шеңберінде Сатып алушы Берушіге 4,000,000 (төрт миллион) АҚШ доллары мөлшеріндегі келісім-шарттың құнын ("Келісім-шарттың құны") төлеуі тиіс, ал Заемшы Берушіге аванс ретінде Келісім-шарт құнының он бес процентін (15%-ін) төлеуге әзір;

СОҒАН СӘЙКЕС Заемшы Берушіге Келісім-шарт құнының сексен бес процент

(85%) мөлшеріндегі төлемдерін қаржыландыру үшін негізгі жиынтық сомасы 3,400,000 (үш миллион төрт жүз мың) АҚШ долларынан аспайтын Заем беруді Кредитордан сұрайды; және

СОҒАН СӘЙКЕС осы Келісімнің мерзімдері мен шарттары сақталған жағдайда Кредитор Заемшының талап еткен заемын оған беруге келіседі.

ОСЫ СЕБЕПТІ Заемшы мен Кредитор мына төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Айқындау және талдау

1.1-бөлім. Анықтама

Мына терминдер, осы Келісімнің қай жерінде қолданылса да, түпнұсқада өзге талап қойылмаса, мынадай мағыналарда болады:

а) "Қабылдау күні" Келісім-шарттың 9-бабына сәйкес Сатып алушының Қабылдау актісін шығарған алғашқы күнін (i) және 2000 жылдың 31 желтоқсанын (ii) немесе Заемшы мен Кредитордың арасында келісу бойынша неғұрлым кешірек күнді білдіреді.

б) "Банктік күн" Сеулде, Нью-Йоркте және Алматыда жұмыс істеу үшін банктердің

ашық болатын күнін білдіреді.

с) "Төлемдер" осы Келісімнің ережелеріне сәйкес өндірілген әрбір қаражат төлемін немесе түпнұсқа бойынша талап етілгендей, әрбір осындай төлемнің негізгі сомасын білдіреді.

д) "Төлемдерге арналған құжаттар" әрбір төлемге қатысты Келісім-шарттың шеңберінде Келісім-шарт құнының барлық немесе кез келген бөлігінің төлемін алу үшін Беруші Заемшыдан табыс етуді немесе беруді талап ететін коммерциялық инвойстың, жүкқұжаттың немесе орындалу туралы жазбаның көшірмесін білдіреді.

е) "Орындамау жағдайы" 12.1 бөлімде сипатталған жағдайлардың кез келгенін білдіреді.

ф) "Тәуекел үшін төлемақы" әрбір төлемге қатысты 5.2-бөлімге сәйкес Заемшының Кредиторға тәуекел үшін жасайтын төлемақысын білдіреді.

г) "Қаражат" осы Келісімнің шеңберінде Заемшының пайдасына бөлінетін заем қаражатын, немесе, егер түпнұсқа бойынша осылай талап етілсе, заемның осындай қаражатының сомасын білдіреді.

h) "Берешек" осы кездегі, сондай-ақ болашақтағы төлемдер немесе ақша өтемдері бойынша кез келген міндеттемелерді білдіреді.

і) "Проценттерді төлеу күні" (i) өтемнің бірінші күніне дейінгі әрбір жылдың _____ және; _____ және (ii) өтемнің әрбір күнін білдіреді.

j) "Проценттерді есептеу кезеңі" әрбір төлемнің күнінен басталатын және проценттерді келесі тікелей төлеу күнінің алдындағы күні аяқталатын кезеңді және одан әрі проценттерді төлеу күнінен басталатын және проценттерді келесі тікелей төлеу күнінің алдындағы күнде аяқталатын кезеңді білдіреді.

к) "Проценттік ставка" 4.1-бөлімде көрсетілетін проценттік ставканы білдіреді.

l) "Корея" Корея Республикасын білдіреді.

m) "Заем" төленбеген күннен қалған уақыттағы төлемдердің жиынтық негізгі сомасын білдіреді.

n) "Нота" 6.2-бөлімге сәйкес Кредитордың пайдасына Заемшы берген борыштық міндеттемені білдіреді.

o) "Өтеу күні" қабылдау күнінен кейінгі алты (6) айды құрайтын күнді

қоса алғанда, басталып, жарты жылда бір рет келетін келесі он (10) күннің әрқайсысын білдіреді.

p) "Төлем жөніндегі "сұрау" Заемшының қаражат төлеу жөніндегі В қосымшасы нысанындағы жазбаша сұрауын білдіреді.

q) "АҚШ доллары" немесе "\$" Америка Құрама Штаттарының заңды валютасын білдіреді.

1.2-бөлім. Пайымдау

(а) Осы Келісімнің бөлімдерінің мазмұны мен тақырыптары сілтеменің қолайлылығы үшін ғана пайдаланылады және бұл Келісімнің қандай да бір ережесін пайымдауға әсер етпейді.

(b) Белгілі бір Бөлімге немесе Қосымшаға сілтеме осы Келісімнің осындай атаулы Бөліміне немесе Қосымшасына сілтеме ретінде түсіндіріледі.

(с) Жалқы есімдегі сөз жалпы есімді қамтиды, және керісінше, түпнұсқа бойынша қолданылады.

2-бап

Қаражат

2.1-бөлім. Қаражат сомасы

Осымен Кредитор осы Келісімде айтылған мерзімдер мен ережелер сақталған жағдайда, Заемшының пайдасына жиынтық сомасы 3,400 000 (үш миллион төрт жүз мың) АҚШ долларының қаражатын бөледі.

2.2-бөлім. Мақсаты

Қаражат сомасы Заемшының Келісім-шарт Құнының сексен бес процентін (85%) Берушінің төлеуін қаржыландыруы үшін ғана пайдаланылады.

3-БАП

ТӨЛЕМДЕР

3.1-бөлім. Төлемдер рәсімі

8.1 және 8.2-бөлімдерде айтылған барлық алдын ала ережелер қанағаттанарлық орындалғаннан кейін, осы 3-бапта айтылған төлемдердің рәсіміне сәйкес Кредитор заем қаражатын төлейді.

3.2-бөлім. Тікелей төлемдер рәсімі

(a) Заемшы қажеті бойынша Беруші тандап алған коммерциялық банктегі Берушінің тікелей есебіне Келісім-шарт шеңберіндегі қажетті соманың төлемін жасауды сұрайды.

(b) Осындай рәсім бойынша төлемге арналған әрбір сұрауға Заемшының уәкілетті өкілі қол қоюы керек және төлемдер жөніндегі тиісті құжаттармен бірге жүреді.

(c) Төлемге арналған сұрауды және төлем жөніндегі тиісті құжаттарды Кредитор алғаннан кейінгі он (10) банктік күннің ішінде Кредитор сұралған соманы Тікелей Берушіге төлейді және мұндай төлем осы Келісім қолданылғанда осы төлем күніндегі Төлемді құрайтын болады.

3.3-бөлім. Аккредитив рәсімі

(a) Осы Келісім шеңберінде Кредитор қаржыландыратын Келісім-шарт Құнының бөлігіне қатысты Заемшы құжаттық аккредитив (аккредитив) дайындай алады, оны Берушінің пайдасына Заемшының еліндегі коммерциялық банк Кореядағы коммерциялық банкпен ("Корей Банкі") кеңес беруімен, ашуы мүмкін. Аккредитивті Халықаралық сауда Палатасының құжатты аккредитивтерге арналған N 500 басылымының (1993 жылғы қайта басылымы) Бірыңғай ережелерімен және тәжірибесімен реттеледі.

"Бұл аккредитив Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Кореяның Экспорт-Импорт Банкі арасындағы ____ Заем туралы келісімге сәйкес ашылған".

(b) Кредитордың Корей Банкіне аккредитив арқылы оған төленген шегі бойынша жасаған өтемі сол күнгі және осы өтем сомасындағы төлемді құрайды.

(c) Аккредитив жөніндегі келіссөздер Корей Банкімен шектеледі. Кредитор аккредитив жөніндегі келіссөздерге байланысты қабылданған құжаттарда жіберілген сәйкессіздіктер мен қайшылықтарды қоса алғанда, Корей Банкінің аккредитивке қатысты қандай да бір әрекетіне және кемшілігіне жауап бермейді.

3.4.-бөлім. Өтеу рәсімі

(a) Келісім-шарттың ережелерімен Берушіге Заемшы жасаған кез келген төлемдерді өтеу үшін Заемшы тандап алған банктегі Заемшының шотына Төлемдердің жүргізілуі және осы Келісімнің шеңберінде қаржыландыру үшін құқықты болуы үшін Заемшы Кредиторға сұрау сала алады.

(b) Осындай рәсім бойынша төлемге арналған әрбір сұрау салуға Заемшының уәкілетті өкілі қол қоюы тиіс және төлемдер жөніндегі тиісті құжаттармен және ақы төлегендігі туралы тиісті куәлікпен бірге жүреді.

(c) Кредитор төлеу туралы сұрау салуды және төлем жөніндегі тиісті

құжаттарды алғаннан кейін он (10) банктік күн ішінде Кредитор талап етілген соманы тікелей Заемшыға төлейді, бұл бұдан кейін мұндай төлеу күнгі Төлемді білдіретін болады.

3.5.-бөлім. Ережелердің қолданылымы

Кредитормен сөз болған жағдайлардан басқа, қабылдау күнінен кейін Кредитор ешқандай төлемдерді жасамайды.

3.6.-бөлім. Төлем туралы хабарлама

Жасалған әрбір төлемнен кейін Кредитор мұндай төлемнің күні мен сомасы туралы Заемшыны жазбаша нысанда хабардар етеді. Айқын қателіктер болмаған жағдайда, мұндай хабарлама тиісті Төлем күні мен сомасының сенімді дәлелі болады.

4-бап

ПРОЦЕНТ ЖӘНЕ ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ ОРЫНДАЛМАҒАНЫ ҮШІН ПРОЦЕНТ

4.1-бөлім. Процент

Заемшы заемның төленбеген негізгі сомасы бойынша Кредиторға жылына алты бүтін жүзден тоқсан төрт процент (6,94%) ставка бойынша процент төлейді. Мұндай процент проценттер есептелетін кезең үшін проценттер төленетін әрбір күнге мерзімі кешіктіріліп төленеді, алайда, бұл жағдайда процентті төлеу күніне дейінгі жиырма (20) күннің ішінде жасалған қандай да бір төлемнен (қорытынды төлемнен емес) жинақталған бірінші процент процентті төлеудің одан кейінгі күні төленуі мүмкін.

4.2-бөлім. Айыппұл проценті

Егер Заемшы осы Келісімнің шеңберінде төленуге жататын қандай да бір соманы

тиісті мерзімінде (не белгіленген мерзімде, мерзімінен бұрын немесе өзге күні) төлемесе, Заемшы Кредиторға 4.1-бөлімге сәйкес, процент мерзімі өткен негізгі сомаға жинақталмайтын тиісті күннен бастап іс жүзіндегі

төлем күнін қоса алғанда, кезең ішіндегі әрбір күн үшін проценттік ставкадан жоғары жылына екі процентке (2%) тең ставка бойынша мерзімі өткен төлемге айыппұл процентін төлейді.

4.3-бөлім. Есептеме

Процент пен айып проценті өткен күндердің іс жүзіндегі саны негізінде, ал бір жылда 360 күн үшін есептеледі.

5-БАП ШЫҒЫНДАР МЕН ШЫҒЫСТАР

5.1-бөлім. Міндеттемелер бойынша ақы төлеу

(a) Заемшы Кредиторға осы Келісімге байланысты пайда болатын, проценттерді төлеудің әрбір күнінде, қаражаттың күн сайынғы жойылмаған және төленбеген бөлігіне төленуге тиісті міндеттемелер бойынша жылына бір проценттің екіден бірі (1%тің 1/2-і) ставкасы бойынша ақы төлейді.

(b) Осы Келісімге байланысты пайда болатын міндеттемелер бойынша мұндай ақы осы Келісімнің күнінен бастап, оны қоса алғанда жинақтала бастайды және өткен күндердің іс жүзіндегі саны негізінде есептеледі, ал бір жылда 360 күн бар.

5.2-бөлім. Әлеуетті шығындардың тәуекелдігі үшін ақы төлеу

Заемшы төлемнің бірінші күнінің алдын ала шарты ретіндегі қаражат сомасының төрт бүтін жүзден жетпіс жеті (4,77%) процентіне тең сомада Кредиторға тәуекелдігі үшін ақы төлейді. Кредитор төлемнің бірінші күнінің алдында бес (5) күннен кешіктірмей тәуекелдігі үшін ақы төленген сома туралы Заемшыға хабарлайды.

5.3-бөлім. Шығыстар

(a) Заемшы Кредиторға оның талабы бойынша, заң кеңесшісінің қаламақысын қоса алғанда, осы Келісімді дайындауға, орындауға немесе толықтырулар енгізуге байланысты Кредитор көтерген жиырма мың АҚШ долларының аспайтын (20 000 АҚШ доллары) барлық орынды шығыстар мен шығындардың орнын толтырады.

(b) Заемшы Кредиторға оның талабы бойынша, заң кеңесшісінің қаламақысын қоса алғанда, сұрау салу, сот талабы немесе осы Келісімнің шеңберіндегі ережелерді орындамау жағдайы орын алған күннен бастап немесе одан кейінгі қандай да бір сомалардың орнын толтыру бойынша Кредитор көтерген барлық орынды шығыстар мен шығындардың орнын толтырады.

(c) Кредитор Заемшыға оған Заемшы орнын толтыратын шығыстар мен шығындардың егжей-тегжейлі жеткілікті көшірмесін береді.

6-БАП ӨТЕУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛА ТӨЛЕУ

6.1-бөлім. Өтеу

Заемшы соңғы жарна сол уақытта қалған заем қаражатын толық өтеу үшін қажетті сомада болған жағдайда, әрбір өтеу күніне кейінгі жартыжылдық жарнаның онына (10) тең Заемды өтейтін болады.

6.2-бөлім. Борыштық міндеттемелер

(a) Өзінің заемды және ол бойынша проценттерді өтеу міндеттемелерін растау үшін Заемшы бастапқы төлемнің алдында төлемнің алдын ала шарты ретіндегі өтеу күні (1-ші өтеу күнін қоса алғанда) бланкісімен және кестелерімен бірге А-қосымшасының нысанындағы Нотаны ресімдейді және Кредиторға жеткізеді. Нота 2.1-бөлімде айқындалған қаражат сомасына бара-бар жалпы сомаға болуы тиіс, бірақ жиынтық төленген және төленбеген сомалардың мөлшерінде ғана кез келген уақытта негізгі сомаға қатысты және осы күндерден бастап жинақталған проценттердің мөлшеріне ғана және осындай төлемдердің сомасына қатысты қолданылады.

(b) Заемшы Кредиторға өтеу күнінің бланкілері, әрбір жарнаның негізгі сомасы мен Нотадағы төлем кестесін толтыру құқығын береді. Заемшы бұл өкілеттіктердің түбегейлі екендігімен және ешқандай да шектелмейтіндігімен келіседі. Кредитор тиісті өтеу күнін (бірінші өтеу күнін қоса алғанда), әрбір жарнаның негізгі сомасын және Нотадағы әрбір төлемнің күні мен сомасын толтырғаннан кейін Кредитор Заемшыға толтырылған Нотаның расталған көшірмесін жібереді.

(c) Нота бойынша төлеуге жататын барлық соманы түбегейлі өтегеннен кейін Нота толық өтелу ретінде белгіленеді және Кредитор Заемшыға қайтаруы тиіс.

6.3-бөлім. Өз еркімен алдын-ала төлеу

(a) Кемінде отыз (30) күн бұрын Кредиторға жазбаша хабардар еткеннен кейін Заемшы алдын-ала төлеу күніне дейін жинақталған алдын-ала төлеу сомасы үшін барлық проценттермен бірге заемның барлығын немесе кез келген бөлігін, және осы Келісімнің шеңберінде одан кейін төленуге тиісті кез келген басқа соманы алдын ала төлеуді жүргізе алады.

(b) Кез келген ішінара алдын ала төлеудің сомасы заемды өтеу жөніндегі жарнаның сомасына немесе оның тұтастай есесіне тең болуы тиіс. Мұндай алдын ала төлеуді төлем мерзімдері бойынша керісінше тәртіппен заем жөніндегі жарналарға қолдануға болады. Заемшы бұл Келісім бойынша осындай тұрғыда алдын ала төленген ешқандай соманы қайтадан алуға құқығы жоқ.

(c) Заемшы осы бөлімге сәйкес жүргізілген кез келген алдын ала төлемнен соңғы өтеу күнінен кейінгі алты (6) айдың ішінде жүргізілген алдын ала төлемнен басқа, негізгі алдын ала төленетін соманың бір процентінің екіден бірі (1%-тің 1/2-і) мөлшерінде алдын ала төлем бойынша бір мезгілде сыйлық төлейді.

6.4-бөлім. Міндетті алдын ала төлеу

Егер келісім-шарт кез келген себеп бойынша қабылдау күніне дейін үзіліп қалса немесе күшін жойса, Заемшы ешқандай сыйлықсыз немесе айыппұлсыз егер Кредитор өзгеше келіспесе, ол үшін жинақталған проценттермен бірге Заемды Кредиторға алдын ала төлейді. Заем мен жинақталған проценттер толық өтелген жағдайда, кредитор Заемшыға қатысты өзінің барлық талаптарынан бас тартады.

7-БАП

ТӨЛЕМДЕР ЖӘНЕ ВАЛЮТА

7.1-бөлім. Төлем орны

Осы Келісімнің шеңберінде Заемшы жүргізетін барлық төлемдер қолда бар қаражаттан АҚШ долларымен Кредитордың шотына (Bankers Trust Company, Church Street Station, New York, N.Y. 10015, U.S.A. шотына (N 04-029-695 шоты) немесе кез

келген төлемнің тиісті күніне дейін кемінде он бес (15) күн бұрын Кредитор Заемшыға жазбаша нысанда берген осындай басқа шотқа жүргізілетін болады.

7.2-бөлім. Банктік күн

Егер осы Келісімнің шеңберінде Заемшы жүргізген қандай да бір төлем банктік болып саналмайтын күнге тап келсе, мұндай төлем ең жақын келесі банктік күнге ауыстырылады, ал ол бойынша, егер проценттер болса, тиісті түрде түзетіледі.

7.3-бөлім. Салықтардан және өзге де міндеттемелерден босату

Осы Келісімнің шеңберінде Заемшы төлейтін барлық сомалар кейінге қалдырылмастан немесе қарсы талапсыз, немесе қандай да бір шектеу немесе шарт қоймастан, толық төленетін, қандай да бір салықтардан немесе басқадай ұсталымдардан немесе кез келген шегерімдер түрінен босатылатын болады.

7.4-бөлім. Төлемдерді жиынтықтау

Егер Заемшы немесе кез келген тұлға Қазақстан Республикасының қандай да бір заңына немесе ережесіне сәйкес осы Келісімнің шеңберіндегі төлемнен аударым немесе ұсталым жасаса (салыққа немесе басқа бапқа қатысты), онда Заемшы мұндай ұсталымдар немесе аударымдар талап етілмеген болса, толық соманы Кредитор алуын қамтамасыз ету үшін қосымша соманы төлеуі тиіс.

7.5-бөлім. Төлемдерді пайдалану

Егер осы Келісімнің шеңберінде Заемшы жүргізген қандай да бір төлем сомасы төлеуге жататын немесе мұндай төлемдерге қатысты төленетін жалпы сомадан аз болса, Кредитор негізгі шотқа алынған соманы, Кредитор қалай дұрыс болады деп санаса, проценттерді немесе төлеуге жататын басқа да сомаларды пайдалануға құқығы бар.

7.6-бөлім. Заем шоттары

Әдеттегі тәжірибеге сәйкес Кредитор төлемдерді тіркеу заемды жабу, есеп айырысу және проценттерді төлеу және төленуге тиісті басқа да сомаларды төлеу жөнінде бірқатар шоттар жүргізеді. Осы Келісімге қатысты кез келген сот процесінде немесе талқылауда осындай шоттар бойынша Кредитор жасаған жазбалар, айқын қателіктер болмаса, осы Келісім шеңберінде Заемшының міндеттемелері бар екендігінің және оның сомасының бұлжытпайтын дәлелі бола алады.

7.7-бөлім. Долларлық мәмілелер

Төленуге тиісті АҚШ долларындағы барлық сомалардың төлемдері осы Келісім үшін елеулі болып табылады, сондықтан мұндай міндеттемелер басқа валютамен жүргізілген қандай да бір төлемдермен босатылмайды, мұнда қорытындыға немесе басқа тұрғысына және сондай дәрежесіне сәйкес, әдеттегі банктік рәсімдер кезінде мұндай төлемнің сомасы АҚШ долларына дереу алмастырғанның өзінде АҚШ долларында төленуге тиісті соманы кеміте алмайды.

8-БАП АЛДЫН АЛА ШАРТТАР

8.1-бөлім. Ең бастапқы төлеу шарттары

Ең бастапқы Төлеу үшін алдын ала шарттар ретінде нысаны мен мәні жағынан Кредиторды қанағаттандыратын мынадай құжаттар мен куәліктерді Кредитор алуы тиіс :

- (a) Келісім-шарт. Келісім-шарттың ресімделген көшірмесі;
- (b) Нота. Заемшы қоса беріліп отырған А қосымшасы нысанындағы тиісті тұрғыда ресімдеген борыштық міндеттемелер;
- (c) Өкілеттіктер туралы куәлік. Заемшы атынан Келісімге қол қоюға өкілетті және Нотаға қол қоюға өкілетті тұлғаларға өкілеттіктер туралы куәлік (С қосымшасындағы нысан бойынша), төлеуге, жаздыруға сұрау салу және әрбір осындай тұлғаның қолдарының куәландырылған нұсқаларымен бірге осы Келісімге байланысты талап етілетін басқа да құжаттар;
- (d) Заңды қорытынды. Заемшыға көпшілік бөлігінде қосымшасының нысаны бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің заңгерлік қорытындысы, және
- (e) Іс жүргізу агентін қабылдау туралы хат. 13.3-бөлімде көрсетілген көпшілік бөлігінде Е қосымшасының нысаны бойынша іс жүргізу агентінің хаты.

8.2-бөлім. Әрбір төлеу шарттары

Әрбір төлеу үшін алдын ала шарт ретінде (бастапқы төлеуді қоса алғанда) мына

төмендегі шарттардың әрқайсысы әрбір төлеу күні орындалуы тиіс:

(а) Төлемеу жағдайы болсын, төлемеу жағдайын құрайтын мерзімі өтіп

немесе алдын ала немесе біраз уақыт өткеннен кейін хабарлаған жағдай болсын әрбір төлеу күнінде қолданылмайды.

(b) Заемшы берген барлық өтініштер мен кепілдіктер осы Келісімде әрбір төлеу күнінде барлық қарым-қатынаста да жарамды және нақты болып қалады; және

(с) Жоғарыдағы 8.1-бөлімде айтылған барлық құжаттар мен рұқсаттар әрбір төлеу күнінде толық күші бар және жарамды немесе, егер қандай да бір өзгерістер болса, Кредитор осыған қатысты қосымша куәлік және тиісті қолхаттар алуы керек.

9-БАП ТАПСЫРУ ЖӘНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ

Заемшы Кредиторға мыналарды тапсырады және кепілдік береді:

9.1-бөлім. Заемшының мәртебесі

Заемшы Қазақстан Республикасының заңдары шеңберінде тиісті тұрғыда құрылған және заңды түрде әрекет ететін мемлекеттік мекеме болып табылады және өз ісін қазіргі уақытта жүргізіп отырғандай, жүргізе беруге және осы Келісімде көзделген мәмілелерді жасауға құқығы және өкілеттігі бар.

9.2-бөлім. Заемшының өкілеттігі

Заемшы осы Келісімді, Нотаны ресімдеуге және жеткізуге арналған өкілеттіктерді алу үшін барлық қажетті әрекеттер мен рәсімдерді орындады, сондай-ақ осы Келісім мен Нотаның шеңберінде өзінің міндеттемелерін орындауға арналған өкілеттіктерді алу үшін талап етілген басқа барлық құжаттарды тапсырды.

9.3-бөлім. Жүзеге асырылуы

Осы Келісім тиісті тұрғыда ресімделді және жеткізілді, сондай-ақ Нотаны да Заемшы тиісті тұрғыда ресімдеген және жеткізген жағдайда, олардың шарттарына

сәйкес Заемшының орындауы үшін заңды және міндетті оған жүктелетін міндеттемелерін құрайтын болады.

9.4-бөлім. Тәртіпті бұзбау

Осы Келісімнің және Нотаның ресімделуі, жеткізілуі және атқарылуы: (i) Заемшыға қолданылатын қандай да бір заңды немесе ережені бұзбайды және оған қайшы келмейді, және (ii) борышты бұзуды немесе Заемшы тараптардың бірі болып табылатын кез келген басқа келісімдердің шеңберіндегі борыштың бұзылуына апарып соқтыратын жағдайды құрамайды.

9.5-бөлім. Заем дәрежесі

Заемшының осы Келісім және Нота бойынша міндеттемелері сыныпталады және төлемдерінің басымдығында ең жоқ дегенде, *pari passu* сияқты және барлық қалған қатынастарда, заңда өзгеше қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Заемшының берешектерімен бірге сыныпталатын болады.

9.6-бөлім. Үкіметтің мақұлдауы

Заемшының осы Келісімді және Нотаны ресімдеуге және орындауға өкілеттіктері үшін қажетті немесе осы Келісімнің және Нотаның күшіне енуі үшін талап етілетін барлық үкіметтік рұқсаттар мен мақұлдаулар тиісті тұрғыда алынып, орындалды және толық күші бар және заңды түрде жарамды болып табылады.

9.7-бөлім. Соттың іс қарауы

Заемшының қаржылық жағдайына немесе бизнесіне материалдық және теріс әсер ететін соттың немесе мемлекеттік агенттің тарапынан тууы қаупін төндіретін, алда тұрған немесе Заемшыға белгілі соттық талқылау немесе соттық қудалау жоқ.

9.8-бөлім. Төлемеу оқиғасының болмауы

Орындалмаған жағдай болсын, ол туралы алдын ала немесе біраз уақыт өткеннен кейін хабарланған жағдай болсын, немесе екеуі де Заемшы тараптардың бірі болып табылатын, немесе сол бойынша оның шектелуі мүмкін басқа да оқиғалардың орындалмауы немесе төлемеу оқиғасы болып табылады.

Заемшының тапсырған барлық материалдары мен кепілдіктері, бұл Келісімде тұрақты тапсырымдар мен кепілдіктер болады, осы Келісімнің орындалу барысында

сақталады және Заемшы осы уақытта орын алған фактілерге сүйене отырып, төлеуге арналған әрбір сұранымның уақытында қайталайды деп күтіледі.

10-бап Ережелер

Заемшы Келісім жасасады және осы Келісімнің шеңберінде барлық сомалар толығымен төленгенге дейін ол мынандай міндеттемелерді орындауға келіседі:

10.1-бөлім. Заемшының міндеттемелері

Заемшы Сатып алушы мен Берушінің арасында жасалған Келісім-шарттың орындалуына байланысты Берушіге немесе кез келген басқа тұлғаға осы кезде немесе кейін болуы мүмкін талаптарға қарамастан, осы Келісім мен Нота жөніндегі өзінің барлық міндеттемелерін орындайды. Заемшы осыған байланысты осы Келісім шеңберіндегі берешек жөніндегі қарсы талаптар немесе, төлемдерді ұстап қалу немесе кейінге қалдыру үшін негіз болатын мұндай талаптарды пайдаланудан тежелуге келіседі.

10.2-бөлім. Ережелердің орындалмауы туралы хабарлама

Заемшы ол туралы алдың ала немесе біраз уақыт өткеннен кейін хабарланған, немесе екеуі де ережелердің орындалмаған оқиғасын білдіретін немесе білдіруге тиісті әрбір оқиға туралы, және Заемшының осы Келісім мен Нота бойынша өзінің міндеттемелерін атқару қабілетіне елеулі және теріс ықпалы бар немесе ықпал ететін басқадай әрбір оқиға туралы Кредиторға тез арада жазбаша хабар береді.

10.3-бөлім. Келісім-шарттың өзгеруі

Тараптар Келісім-шартқа қандай да бір елеулі өзгерістерді немесе қосымшаларды енгізгенге дейін, Заемшы Кредитордың себепсіз бас тартуға болмайтын жазбаша келісімін алуы немесе Берушінің алуын қамтамасыз етуі тиіс. Заемшы мұндай өзгерістер мен қосымшалардан кейін тез арада оған

қатысты құжаттардың дұрыс және толық көшірмесін Кредиторға жеткізіп береді немесе жеткізілуін қамтамасыз етеді.

10.4-бөлім. Қосымша құжаттар

Тараптар осы Келісімнің мақсаттары үшін орынды негізде тараптардың біреуі талап етуі мүмкін қосымша құжаттарды, заң қорытындыларын немесе ақпаратты біріне-бірі беруі тиіс.

11-бап

Мән-жайлардың өзгеруі

11.1-бөлім. Мән-жайлардың өзгеруі

Осы Келісім олардың күшіне енуі күнінде Кредитор мен Заемшының елдерінде қолданылатын экономикалық, қаржылық, ұлттық және халықаралық шарттарға және құқықтық, салықтық, валюталық және кәсіби ережелерге негізделеді. Осы шарттар мен ережелерде қандай да бір өзгерістер болған және оларды қандай да бір құзыретті орган талдаған жағдайда немесе әсер етуі шектеусіз кез келген басқа себептерде:

- (a) ақы төлеуді доллармен жүргізуге мүмкіндік бермейді;
- (b) осы Келісімнің қандай да бір материалдық жағдайын заңсыз етеді, немесе
- (c) жалпы алғанда, қандай да бір жаңа салықтар, баж және/немесе

Кредиторға заемға байланысты кез келген басқа есептемелер жүргізеді; сол уақытта Кредитор төлемдерді тоқтатады және мынадай шаралар қабылдайды:

- (a) Кредитор тез арада Заемшыға хабардар етеді;
- (b) Кредитор осы Келісімді қолдануға мүмкіндік беретін жалпы шешім қабылдау мақсатында Заемшымен ақылдасады және
- (c) егер мұндай жағдайлар болатын болса, бірақ Заемшы Кредитордан жазбаша хабарлама алған күннен кейін тоқсан (90) күн ішінде жойылмайтын болса, олар орындамау оқиғалары деп саналады және 12.2-бөлім қолданылатын болады.

12-БАП ОРЫНДАМАУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

12.1-бөлім. Орындамау жағдайлары

Мынадай оқиғалардың немесе жағдайлардың әрқайсысы мына Келісім

бойынша Орындамау Жағдайы болып табылады:

(a) Заемшы негізгі соманың қандай да бір бөлігін, проценттерді немесе осы Келісім немесе Нота бойынша тиесілі кез келген басқа соманы төлеу күніне төлемейді және мұндай төлемеу он (10) күнге созылады.

(b) Заемшы, осы бөлімде төлемеу жағдайлары ретінде көрсетілген қандай да бір оқиғалардан басқа, осы Келісімде баяндалған қандай да бір жағдайларды ережелерді немесе шарттарды орындайды немесе сақтайды және мұндай орындамау бұл туралы Кредитор Заемшыға жазбаша түрде хабарлағаннан кейін 30 (отыз) күн ішінде жойылмаған.

(c) Осы Келісімде Заемшы берген немесе берген деп саналатын кез келген ұсыным немесе кепілдік іс жүзінде дәлме-дәл болып шықпаса және, егер мұндай жоюға болатын дәлсіздік Кредитордың мұндай дәлсіздікті жою қажеттігі туралы жазбаша хабарламасын Заемшы алғаннан кейін 30 (отыз) күн ішінде толық қанағаттанарлықтай дәрежеде жойылмаған.

(d) Заемшы кез келген басқа Келісім бойынша бес миллион (5.000 000) АҚШ долларынан асатын мөлшердегі (немесе оның кез келген басқа валютадағы баламасы) кез келген берешекті немесе төлемеу нәтижесінде тиесін және өтелетін кез келген мұндай соманы алдын ала белгіленген өтеу күніне дейін өтемейді.

(e) Заемшы лайықты негізде Заемшының осы Келісім және Нота бойынша оның міндеттемелерінің барлығын немесе бөлігін орындау қабілетіне елеулі және қолайсыз әсер етеді деп Кредитор санайтын басқа тұлғамен әдейі немесе абайсызда қосылса немесе біріккен.

(f) Заемшы төлеуге қабілетсіз болып қалған немесе банкроттық, тарату немесе қызметті аяқтау актісін жасаған немесе оларға жол берген.

(g) Егер Заемшы мүлкінің елеулі бөлігіне қарсы соттың қаулысы немесе атқару парағы немесе кепілдіктен ауытқымаған, босатылмаған немесе 90 (тоқсан) күннің ішінде төленбеген ұқсас құжаттар шыққан.

(h) осы Келісім бойынша Заемшының қандай да бір міндеттемелерін орындау үшін қажетті кез келген үкіметтік рұқсат заңсыз немесе заңды болмаған, өзінің әрекетін тоқтатқан және күшін жойған.

(i) осы Келісім және Нота, бойынша оның міндеттемелерінің барлығын немесе бөлігін орындау қабілетіне елеулі және қолайсыз әсер етеді деп Кредитор санайтын қандай да бір басқа оқиға өткен немесе қандай да бір басқа жағдайлар болған.

12.2-бөлім. Орындамау салдары

Орындамау Жағдайы туған кезде және, егер мұндай орындамау жалғасатын

болса, Кредитор өзінің қалауы бойынша Заемшыға жазбаша хабарлама жолдап, мұндай орындамау жағдайы жойылғанша, бұдан әрі төлеуді тоқтата тұруы, (1) қаржының алынбаған бөлігін есептен шығаруы (2) және/немесе Келісімді және ол бойынша жинақталған барлық проценттерді және/немесе осы Келісім бойынша төленетін барлық басқа сомаларды тез арада төленуге жатады деп жариялауы мүмкін және мұндай төлем бұдан әрі хабарлама жасалмай немесе тосқауыл қойылмай дереу төленуі тиіс.

13-БАП

РЕТТЕУШІ ЗАҢ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

13.1-бөлім. Реттеуші заң

Осы Келісім Америка Құрама Штаттарының Нью-Йорк штатының заңдарына сәйкес басшылыққа алынады және қаралады.

13.2-бөлім. Юрисдикция

Осы Келісімнің Тараптары осы Келісімнен туындайтын немесе оған қатысы бар кез келген талап-арызды немесе сот талқылауын тараптардың бірі Америка Құрама Штаттарының Нью-Йорк штатында отырыстарын өткізетін, кез келген Федералдық немесе Мемлекеттік сотқа жолдай алады деп келісімін білдіреді, және осы арқылы екі тарапта бұл соттардың мұндай әрекеттерге, рәсімдерге қатысты заңдық хүкіміне түпкілікті және даусыз бағынатын болады. Жоғарыда аталған ережелер бір тараптың болсын, не басқа тараптың болсын мұндай әрекеттерді немесе рәсімдерді кез келген басқа қолайлы сотта қарау құқығын шектемейді.

13.3-бөлім. Процеске қызмет көрсету

Заемшы (_____ Іс жүргізу агентінің аты және мекен-жайы) атынан Америка Құрама Штаттарының Нью-Йорк штатында қозғалған осы Келісімге

қатысы бар талап-арыздарға немесе сот талқылауларына қатысты іс жүргізу қызметін және басқа да сот шақыруын алғаннан кейін өз агенті ретінде түпкілікті оны тағайындайды. Заемшының осы Келісім бойынша қандай да бір міндеттемелері болып тұрғанда, Заемшы мұндай процесті жүргізу немесе сот шақыруын алу үшін өзінің тиісті тұрғыда тағайындалған агентін сақтайды және, егер ол мұндай агентті сақтай алмаса, кез келген мұндай процеске немесе сотқа шақыру жіберуге олардың көшірмелерін Заемшыға тапсырысты почтамен жіберу арқылы қызмет көрсетілуі мүмкін.

13.4-бөлім. Иммунитеттен бас тарту

Заемшы егемендік негізінде немесе тыйым салудың (сот шешімін қабылдағанға дейін немесе одан кейін) басқа да заңдарының негізінде орындаудан оған немесе оның мүлкіне қолданылатын иммунитеттен немесе Келісімнен туындайтын немесе оған қатысты қандай да бір талап-арызды немесе соттық талқылауынан қолданылып жүрген заңның қаншалықты мүмкіндік беруіне қарай толық бас тартады.

14-БАП ӘРТҮРЛІ МӘСЕЛЕЛЕР

14.1-бөлім. Толық Келісім. Түзетулер

Осы Келісім тараптардың барлық міндеттемелерін заңдастырады және бұл мәмілеге қатысты ниеттердің немесе түсіністіктердің қандай да бір алдын ала мағынасын алмастырады. Бұл Келісімге кез келген түзетулер жазбаша түрде енгізілуі және Келісімнің екі тарабының уәкілетті өкілдері тиісті түрде қол қоюға тиіс.

14.2-бөлім. Бас тарту. Жиынтық құқықтар

Кредитор тарапынан осы Келісіммен берілген қандай да бір құқықтарды пайдаланудың тежелуі немесе пайдаланылмауы бұл Келісім бойынша Заемшының тарапынан мұндай құқықтан және қандай да бір міндеттемеден бас тартуын білдірмейді және мұндай құқықты қандай да болсын жеке немесе ішінара пайдалану мұндай құқықты одан әрі пайдалануға кедергі жасамайды. Кредитордың қандай да болсын бас тартуы, егер ол жазбаша түрде берілмесе, күші бар деп саналмайды. Осы Келісімде

көзделген құқықтар мен санкциялар жиынтық құқықтар мен санкциялар болып табылады және басқа жағдайларда Кредитордың ие болуы мүмкін қандай да бір басқа құқықтарын немесе санкцияларын теріске шығармайды.

14.3-бөлім. Құқықтан бас тарту

Жеткізуші мен Сатушының арасында жасалған Келісім-шарттың орындалуы үшін Кредитор қандай да болсын тұрғыда жауапкершілік көтермейді, және осы КЕЛІСІМ-ШАРТ бойынша туындайтын ешқандай дауларға араласпайды. Келісім-шартты орындауға қатысты Жеткізуші мен кез келген басқа тұлғаға Заемшы қойған кез келген талап осы Келісім бойынша Заемшының міндеттемелеріне әсер етпейді немесе әлсіретпейді.

14.4-бөлім. Тапсырма

Осы Келісім міндетті болып табылады және Заемшы осы Келісім немесе Нота бойынша өзінің қандай да бір міндеттемелерін Кредитордың жазбаша келісімінсіз тапсырып немесе өткізіп бере алмайтын жағдайда, Келісімнің әрбір тарабының және олардың мұрагерлері мен құқықтық мұрагерлерінің пайдасына қызмет етеді. Кредитор осы Келісім бойынша тиісті құқықтарды беруге арналған леспе құжаттарсыз Нотаны бермеген жағдайда, Кредитор Заем қаражатының барлығын немесе кез келген бөлігін және осы Келісім немесе Нота бойынша өзінің құқықтары мен жеңілдіктерін Заемшыға жазбаша хабарлай отырып тапсыра немесе бере алады.

14.5-бөлім. Хабарлама

а) Осы Келісім бойынша берілетін немесе жасалатын кез келген құжаттар қолдан қолға жеткізіледі немесе почтамен немесе телекспен немесе телефакспен жіберіледі және егер олар қолдан қолға берілсе, (1) егер олар почтамен жіберілсе (2) және жөнелтілген уақытынан кейін он төртінші күні

жеткізілсе; және егер олар телекспен немесе факспен жіберілсе (3) және мәміле жасалған күннен бастап екінші жұмыс күні жеткізілсе, жеткізілген болып есептеледі.

б) Почталық мекен-жайы және телекс пен телефакстың нөмірі мынадай: (немесе басқа мекен-жайы немесе тараптардың бірі екінші тарапқа уақыт өткен сайын хабарлап отыруы мүмкін нөмірлер):

(1) Кредитор үшін:

Кореяның Экспорт-Импорт Банкі
16-1 Йодо-донг, Янгдунгпо-гу
Сеул, Корея

Кімге:

Сатып алушы несиесі департаментінің Директорына
Телекстің нөмірі: К 26595EXIMBK
Телефакстің нөмірі: 822-3779-6747

(2) Заемшы үшін:

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы,
Республика даңғылы, 60

Кімге: Вице-Министр Ә.Сәйденовке

Телекстің нөмірі:

Телефакстің нөмірі: (7 3272) 117077, 117078

с) Жеткізуге тиісті барлық хабарлар, талаптар немесе басқа да хабарламалар немесе кез келген басқа да құжаттар ағылшын тілінде болуға немесе куәландырылған ағылшын тіліндегі аудармасымен қоса жіберілуі тиіс.

14.6-бөлім. Ережелердің бөлінуі

Бұл Келісімнің бір немесе одан да көп ережелері немесе осымен байланысты ресімделген кез келген басқа құжат кез келген қолданылып жүрген заң бойынша кез келген жағдайда заңсыз, жарамсыз немесе күшіне енбеген болып шықса, онда бұл осында қамтылған басқа ережелердің қолданылуына, заңдылығына немесе күшіне енуіне ешқандай да әсер етпейді.

14.7-бөлім. Даналары

Осы Келісім кез келген данада ресімделе алады. Ағылшын тіліндегі кез келген жеке дана немесе қол қойылған даналардың жиынтығы кез келген жағдайда екі тараптан барлық мақсаттар үшін толық және бірегей келісімді құрайды.

ОСЫНЫҢ ДӘЛЕЛІ РЕТІНДЕ осы Келісімнің тараптары жоғарыда көрсетілген күнге өздерінің тиісті, қажетті тұрғыда уәкілеттік берілген өкілдері арқылы осы Келісімнің ресімделуін қамтамасыз етті.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Корея Экспорт-Импорт Банкі

үшін және атынан

үшін және атынан

Кім _____

Кім _____

Аты-жөні
Лауазымы

Аты-жөні
Лауазымы

А қосымша

БОРЫШТЫҚ МІНДЕТТЕМЕ

КҮНІ _____

Негізгі сомасы 3. 400.000,00 USD

Кореяның ЭКСПОРТ-ИМПОРТ Банкі
Сеул, Корея

Кімге: Сатып алушы несиесі департаментінің директорына

АЛЫНҒАН СОМА ҮШІН Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

(Заемшы) осы Борыштық Міндеттеме (Нота) арқылы, Корея Экспорт-Импорт Банкінің (Кредитор) төлем тапсырмасы бойынша үш миллион төрт жүз мың АҚШ доллары (3. 400. 000, 00) мөлшеріндегі негізгі соманы немесе Кредитор төлеуі және төменде көрсетілген жарналар түрінде кестеде растауы мүмкін аз соманы төлеуге уақыт өткен сайын төленбей қала берген негізгі баланс бойынша проценттерді жылына _____ процентін (%) проценттік ставка бойынша төлеуге сөзсіз міндеттенеді. Осы Нота бойынша негізгі сома он (10) бөлікпен (жарнамен), оның ішінде біріншісі _____ (күні) тиесілі және төленетін АҚШ доллары () * мөлшерінде төленетін болады. Қалған жарналар әрқайсысы _____ АҚШ доллары () * мөлшерінде бірдей жарты жылдық жарналармен төленеді және төлеу мерзімі әрбір жылдың _____ және (күні) басталады (әрқайсысы, "өтеу күні").

Осы Нота бойынша проценттер төлем кестесінде көрсетілгендей бастапқы төлемнен бастап жинақталатын болады және әрбір жылдың _____ және _____ бірінші өтеу күніне дейін және бұдан кейін бірінші өтеу

күнін қоса алғанда, әрбір өтеу күні басталғанға дейін төлеуге жатады. Мұндай процент жылына 360 күннен тұратын жылда өткен күннің нақты саны (бірінші күнді қоса алғанда және соңғы күнді қоспағанда) негізінде есептелінді.

Төлеу мерзімі келген кезде (немесе өтеудің көрсетілген мерзімінде, немесе мерзімінен бұрын өтеу кезінде немесе басқа күні) негізгі соманың қандай да бір бөлігі немесе осы Нота бойынша жинақталған проценттер толық төленбеген жағдайда, Заемшы Кредиторға толық төлем жүргізілген күнді қоспағанда, тиісті өтеу күнінен бастап (қоса алғанда) кезең үшін төленбеген сомаға жылдық _____ процент (%) ставка бойынша айыппұл процентін төлейді.

Осы Нота бойынша негізгі сома сияқты, проценттер де Кредитордың (Bankers Trust Company, New York (шот N 04-029-695) шотына немесе Нотаны ұстаушы жазбаша түрде көрсетуі мүмкін басқа шотқа АҚШ долларымен тез арада төленеді. Осы Нота бойынша Заемшы төлейтін барлық сомалар қандай да бір ұсталымдарсыз немесе қазіргі немесе болашақ салықтар, баж және басқа есептеулер шотына төленеді.

Егер негізгі сома немесе осы Нота бойынша есептелетін проценттер қандай да бір жарналар бірден және толық төленбесе, төленбеген негізгі сома мен проценттер Нотаны ұстаушының қарауы және талап етуі бойынша кешіктірместен төленуі керек.

Осымен, Заемшы осы Нотаға қатысты алуан түрдегі талаптардан, ұмтылыстардан, арыздардан, қарсылықтардан немесе ескертпелерден бас тартады және Нотаны ұстаушыға оны ресімдеу мен жеткізу үшін қажетті барлық әрекеттер мен рұқсаттар тиісті тұрғыда қабылдануына және алынуына кепілдік береді.

Осымен Заемшы Кредиторға немесе кез келген Нотаны ұстаушы басқаға төлем күндері (төлемнің бірінші күнін қоса алғанда) және әрбір жарнаның негізгі сомасы және берілген Нотадағы төлем кестесіндегі әрбір төлемнің күні мен сомасы бланкісін толтыру және төлем кестесіндегі жазбамен Заемшы атынан төлем алуды растау құқығын береді. Осы Нота бойынша төлеуге жататын сомаларды толық төлегеннен кейін Кредитор немесе Нотаны кез келген басқа ұстаушы тиісті түрде расталған және толтырылған осы Нотаны Заемшыға тез арада қайтарады.

Нотаны ұстаушының ол бойынша қандай да бір құқықтарды пайдаланбауы, осындай немесе кез келген басқа жағдайда олардан бас тартқандықты білдірмейді.

Бұл Нота Кредитор мен Заемшы арасында 1999 жылы _____ жасалған Заем туралы келісімге сәйкес берілді және Америка Құрама Штаттарының Нью-Йорк штатының заңдарына сәйкес реттелетін және қаралатын болады.

Осы Нотаға қатысты туындайтын немесе оған қатысы бар кез келген талап қою-қуынуды немесе сот талқылауын соттан қандай да бір сылтаумен жалтару құқығынсыз кез келген федералдық сотта немесе АҚШ Нью-Йорк Штатында отырыс өткізетін Штат сотында Кредитор немесе Нота ұстаушы қозғауы мүмкін және Заемшы кез келген мұндай талап қою-қуынуында немесе сот талқылауында осы соттың ерекше емес юрисдикциясына сөзсіз бағынады.

Заемшы оның атынан іс жүргізу қызметін немесе АҚШ Нью-Йорк Штатында қозғалған талап қою-қуынуға немесе сот талқылауына қатысы бар және осы Келісімге қатысы бар басқа да сот тәртібін алғаннан кейін _____ өзінің агенті ретінде қазіргі уақытта офісі

орналасқан _____ ақырғы тағайындайды. Заемшының осы Келісім бойынша қандай да бір міндеттемесі болған кезде, Заемшы өзінің тиісті түрде тағайындалған агентін мұндай процесті жүргізу немесе сот тәртібін алу үшін сақтайды және, егер ол мұндай агентті сақтай алмаса, кез келген мұндай процесс немесе сотқа шақыру олардың көшірмесін тапсырма поштамен Заемшыға жіберу арқылы қызмет көрсетілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі үшін және атынан

Аты

Лауазымы

* сомасы соңғы төлемнен кейін төлем кестесінде жалпы төлем сомасының
10% мөлшерінде толтырылатын болады.

В қосымша

Алу туралы өтініш

Күні:

Өтінім N _____

Кореяның ЭКСПОРТ-ИМПОРТ Банкі

Сеул, Корея

Кімге: Сатып алушы несиесі департаментінің директорына

Мырзалар,

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (Заемшы) мен Кредитор
ретінде Кореяның Экспорт-Импорт Банкі арасында жасалған 199 _____
Заем туралы келісімге (Келісім) қатысты, біз осымен _____ АҚШ
доллары (____ USD) мөлшеріндегі Берушінің (немесе Заемшының) N _____
(_____) шотына Төлем жасалуын сұраймыз. Үлкен
әріптермен берілген терминдер Келісімде қандай мағына берсе сол мағынаны
білдіреді.

Осы төлем бойынша есептен шығаруға арналған құжаттар, Келісімнің
ережелерінде талап етілгендей, осы құжатқа қоса беріліп отыр.

Біз осымен, (1) бұл Өтінімге сәйкес жасалған Төлемнің Келісім бойынша заңды Төлемді білдіретінін; (2) бұл Өтінім күнінде осы Келісім бойынша Төлемеу (Орындамау) Жағдайы ретінде қаралуы мүмкін ешқандай оқиға болмағанын және болып жатпағанын; және (3) осы Өтінім күнінде Келісімде Заемшы жасаған өтініштер мен кепілдіктер қолданылатын және дұрыс болып қала беретінін растаймыз.

Игі тілекпен, Сіздің,

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
үшін және атынан

Аты
Лауазымы

С Қосымша

Өкілеттіктер туралы куәлік

Кореяның Экспорт-Импорт Банкі
Сеул, Корея

Күні _____

Кімге: Сатып алушы несиесі департаментінің директорына

Мырзалар,

Кореяның Экспорт-Импорт Банкі (Кредитор) мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (Заемшы) арасындағы жасалған 19 _____ Заем туралы келісімге (Келісім) қатысты тиісті тұрғыда уәкілеттік берілген _____ (Заемшы) төмендегі қол қоюшылар, осымен Келісімнің және ол бойынша қажет болатын кез келген басқа құжаттың Заемшының атынан қол қоюға және жеткізуді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген тұлғаның мынадай есімдерін, лауазымдарын және қойған қолдарының үлгілерін растаймын.

Аты мен Лауазымы

Қойған қолдарының үлгісі

Егер осында қамтылған кез келген растама осы Келісім бойынша соңғы Төлемнің алдында кез келген уақытта және кез келген уақыттан бастап заңсыз және дәл емес болып шықса, Заемшы бұл туралы Кредиторға тез арада хабардар етуі керек.

Мұны дәлелдеу үшін, осы куәлік _____ (күні)
ресімделеді.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
үшін және атынан

Аты

Лауазымы

D Қосымша

ЗАЕМШЫНЫҢ ЗАҢДЫ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Кореяның ЭКСПОРТ-ИМПОРТ Банкі

Күні:

Сеул, Корея

Кімге: Сатып алушы несиесі департаментінің директорына

Мырзалар,

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (Заемшы) мен Кредитор

Заем туралы келісімге (Келісім) қатысы бар мынадай құжаттардың барлық түпнұсқаларын немесе көшірмелерін зерделеп шықтым:

1. Келісім;
 2. 2-қосымша нысанындағы Заемшы ресімдеген Нота;
 3. Төменде келтіріліп отырған заңды қорытындыларды жасау үшін негіз ретінде оларды пайдалану үшін қажетті немесе жеткілікті деп мен санаған басқа да құжаттар.
- Осы құжатта беріліп отырған заңды қорытынды Қазақстан Республикасының заңдары бойынша туындайтын мәселелердің шеңберінде шектеледі және мен кез келген басқа заңдар мен юрисдикцияға жататын мәселелер бойынша заңды қорытынды беруге ниетім жоқ.

Осы келісімде белгіленген және пайдаланылатын, бірақ бұл құжатта сөз болмаған барлық терминдер оларға Келісімде берілген мағынада.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, менің пікірім мынадай:

1. Құқықтар мен өкілеттіктер. Заемшы тиісті тұрғыда тіркелген және Қазақстан Республикасының заңдары бойынша әрекет ететін мемлекеттік мекеме болып табылады, Келісімді және Нотаны ресімдеуге, жеткізіп беруге және орындауға құқығы мен өкілеттігі бар.
2. Рұқсат. Келісімді және Нотаны Заемшының ресімдеуіне, жеткізіп беруіне және орындауына Заемшының барлық қажетті әрекеттерімен тиісті тұрғыда рұқсат етілген және Қазақстан Республикасының қандай да бір заңына, қағидасына немесе ережесіне қайшы келмейді.
3. Үкіметтің мақұлдауы. Келісімді немесе Нотаны ресімдеу, жеткізіп беру мен атқару үшін қажетті Қазақстан Республикасының барлық үкіметтік рұқсаты, мақұлдауы және келісімі алынды және толық күші бар және қолданылады.
4. Күшіне енуі. Келісім тиісті тұрғыда ресімделді және Заемшы тапсырды және тиісті тұрғыда ресімделген және жеткізіп берілген Нота Заемшының шарттарға сәйкес жүктелетін міндеттемелерін оның орындауы үшін заңды және міндетті болып табылады.
5. Орындамау жағдайларын болдырмау. Маған белгілі болып отырғанындай, хабарлағаннан кейін немесе уақытты өткен соң немесе ол да, және басқасы да Заемшы тарап ретінде әрекет ететін немесе ол байланысты болуы мүмкін Орындамау жағдайлары немесе кез келген басқа Келісім бойынша орындамауды құрайтын мұндай

оқиға бұрын болған жоқ және қазіргі кезде болмайды.

6. Сот талқылаулары. Маған белгілі болып отырғанындай, Заемшының қаржылық жағдайына елеулі түрде теріс әсер ететін қандай да болсын алдағы немесе туындау немесе Заемшының Келісім немесе Нота бойынша өзінің міндеттемелерін орындау қабілетін әлсірету қаупін тудыратын ешқандай да сот талқылаулары орын алмайды.

7. Иммуниетет. Заемшының да, не оның меншігінің де егемендіктің негізінде немесе тыйым салудың (сот шешімін шығарға дейін және кейін) немесе осы Келісімнен немесе Нотадан туындайтын немесе оларға қатысты қандай да бір іс-әрекетке немесе талқылауға қатысты басқа да заңдардың негізінде иммуниететке қандай да бір құқығы жоқ.

8. Заңды таңдап алу. Келісім тараптарының Келісімді реттеу үшін Нью-Йорк штатының заңдарын таңдауы заңды, қолданылып жүрген және міндетті болып табылады.

9. Юрисдикция. Заемшы Келісімге және оның ережелеріне сәйкес Келісімге немесе Нотаға қатысты туындайтын немесе қатысы бар қандай да бір талап қою-қуыну немесе сот талқылаулары пайда болған кезде Америка Құрама Штаттарының Нью-Йорк штатында отырыс жасайтын Федералдық немесе Мемлекеттік соттың юрисдикциясына заңды, іс жүзінде және сөзсіз тап болуы мүмкін.

Игі тілекпен,

Аты

Лауазымы: Қазақстан Республикасының
Әділет министрі

Е қосымша

Күні:
Кореяның ЭКСПОРТ-ИМПОРТ Банкі
Сеул, Корея

Кімге: Сатып алушы несиесі департаментінің директорына

Мырзалар,

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (Заемшы) мен ретінде
Кореяның Экспорт-Импорт Банкі (Кредитор) арасында жасалған
199_____ Заем туралы келісімнің (Келісім) ережелеріне сәйкес
Заемшы үшін және атынан осы Келісімге қатысты Нью-Йорк штатында қозғалатын
талап қою-қуынуларға немесе сот талқылауларына қатысы бар қызметтік
шақыруларды, арыздарды немесе кез келген басқа да құжаттарды алу үшін
Заемшының агенті ретінде түпкілікті тағайындалғанымызды түсінеміз.

Осымен біз мұндай тағайындауды сөзсіз қабылдаймыз.

Игі тілекпен,

Аты
Лауазымы

"Ішкі істер органдарының қызметтік жұмысын техникалық қайта
қаруландыру және ақпараттық қамтамасыз ету" деген N 1, 3
жобаларды іске асыру жөніндегі ақпарат.

Қаржыландыру 1998-2000 жылдардың мемлекеттік бюджеті бойынша сырттан
қарыз алу қаражаттары есебінен көзделген.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму
стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 1998 жылғы 28 қаңтардағы N 3834
Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан

Республикасы Ішкі істер органдарының қызметтік жұмысын кешенді техникалық қайта қаруландыру және ақпараттық қамтамасыз ету бағдарламасын әзірледі. Отандық және шетелдік мамандардың баға берулері бойынша оны іске асыру үшін 50 миллион АҚШ доллары көлемінде қаржы қажет. Проблеманың өзектілігін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі 1998 жылдың өзінде сыртқы инвестициялар есебінен Ішкі істер министрлігіне 8,5 миллион АҚШ долларын бөлген.

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қызметтік жұмысын кешенді техникалық қайта қаруландыру және ақпараттық қамтамасыз ету мәселелері" деген 1998 жылғы 25 қарашадағы N 1196 қаулысымен Қазақстан Республикасының Үкіметі өз атынан Қаржы министрлігіне шетел несие берушілерімен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жобасын қаржыландыру жөнінде 8,5 млн. АҚШ доллары сомасында тиісті несиелік келісімдерге қол қояды тапсырған.

Үкіметтің жоғарыда көрсетілген қаулысымен бекітілген жұмыстар көлемінің шеңберінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен LG IC компаниясы (Корея) арасында 1998 жылғы 4 желтоқсанда 675 мың \$ сомасындағы қарыз туралы келісім жасалған.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 26 шілдедегі N 460-1 Жарлығымен Қаржы министрлігі мен Корей Республикасының Экспорттық-импорттық банкі арасында 3,825 млн. \$ сомасындағы қарыз туралы келісім бекітілді. Көрсетілген ақшалай қаражатты игеру мақсатында Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі 1998 жылғы желтоқсан айында LG IC компаниясымен (Корей Республикасы) Техника мен технологияны жеткізуге техникалық келісім-шарт жасады (Жобаның 1-бөлігінің 1-кезеңі).

Қалған 4 млн. \$ соманы (Жобаның 1-бөлігінің 2-кезеңі) 2000 жылы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Корей Республикасының Экспорттық-импорттық банкі арасындағы несиелік шартты іске асыру есебінен игеру жоспарланып отыр. Осы мақсатта 1999 жылғы 31 қазанда Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен LG IC компаниясы арасында екінші Техникалық келісім-шарт жасалды. Қазіргі уақытта сыртқы қарызды ресімдеу жөніндегі қажетті рәсімдер орындалуда.

1-бөлім. 1998 жылы жасалған Келісім-шартты іске асыру
(1-бөліктің 1-кезеңі, іске асыру - 1998-99 жж.)

Келісім-шарт шеңберінде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне жеткізілетін жабдықтар мен технологиялардың тізбесі 1-қосымшада берілген.

Цифрлық автоматтық телефон станциялары. Астанада 3 цифрлық АТС орнатылған: 2 АТС Starex-ACS (Қазақстан Республикасының Ішкі ісмінің және қаланың ІІБ) және 1

АТС Starex-VSP (Сарыарқа АІБ). Олар өзара біріктіріліп, қалалық АТС желілеріне қосылады. Астана қаласы гарнизонының қазіргі уақыттағы АТС-терінің негізінде бірыңғай нумерациясы бар жүйе құрылады. Ол ақпарат берудің жеделдігін жоғарылатуға мүмкіндік береді және қалалық АТС номерлерін ұстаудың шығындарын азайтады. Осындай мақсаттар үшін Алматы қаласында 2 цифрлік АТС сатып алынды: қаланың ІІББ-на берілген АТС Starex-ACS және АІББ-де орнатылған АТС Starex-VSP.

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына арналған деректердің интеграцияланған банкі және компьютерлік жүйелер.

26 сервер, 281 дербес компьютер, дербес компьютерлер үшін 281 үзіліссіз қоректендіру құрылғылары, деректер базаларының серверлері үшін 20 үзіліссіз қоректендіру құрылғылары, 100 модем сатып алынды. Екі Unix серверлердің қуатын жоғарылату және функционалдық мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "АӨО" РМК қажетті құрастырушы бөлшектерді сатып алған. Көрсетілген компьютерлік техника Жедел басқару орталығында (ЖБО) 15 автоматтандырылған жұмыс орнын ашуға, ішкі істер органдарында жедел-ізвестіру, анықтамалық, талдау-статистикалық мақсаттағы Деректердің интеграцияланған банкін құру мен пайдалану жөніндегі 266 автоматтандырылған жұмыс орнын ашуға, ЖБО деректерінің базасын және республикалық, облыстық, сондай-ақ аудандық және қалалық бөлімше деректерінің интеграцияланған банкін ұйымдастыру үшін серверлік бөлікті құруға мүмкіндік береді. Төрт мамандандырылған сервер Астана қаласында ведомстволық ақпараттық желілерді құру үшін, 19 сервер - ІІББ-ІІБ-КІІБ-де деректердің интеграцияланған банкін құру үшін, 1 сервер - ЖБО-да пайдаланылады. Жедел-ізвестіру, анықтамалық, талдау-статистикалық мақсаттағы Деректердің интеграцияланған банкін бағдарламалық қамтамасыз ету (Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының аудандық, қалалық, облыстық және республикалық бөлімшелерінде Деректердің интеграцияланған банкін құру мен пайдалану жөнінде ішкі істер органдарының түрлі қызметтерінің автоматтандырылған жұмыс орындарын ашуды көздейтін Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары үшін бірыңғай үлгілік бағдарламалық өнім).

Қазақстан Республикасының Ішкі істері, ІІББ-ІІБ-КІІБ, қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары үшін лицензиялық бағдарламалық өнім (әрбір дербес компьютер үшін Windows 98 операциялық жүйесі - 281 комплект, ІІББ-ІІБ-КІІБ-нің және ЖБО-ның деректері базасының серверлері үшін Windows-NT операциялық жүйесі - 20 комплект, мамандандырылған орталықтарда оқыту: Oracle - 8 адам; O/S Unixs - 2 адам).

Астана қаласындағы Жедел басқару орталығы. Жобалық құжаттама, ЖБО-ның қызметтік жайларының дизайны әзірленген, 4-прожектордан және 4 экраннан тұратын проекциялық жүйесі, 12 жұмыс орнына есептелген 9 пульт, 12 каналдық цифрлық жазатын қондырғы, 2 матрицалық экран, дауыс күшейту жүйесі, үзіліссіз қоректендіру көздері орнатылған, Астана қаласының электронды картасын бағдарламалық

қамтамасыз ету, ЖБО автоматтандырылған жұмыс орындарын бағдарламалық қамтамасыз ету әзірленді, қалалық ведомстволық желілермен интеграцияланған локальдық ақпарат желісі құрылды. Ішкі істер органдарының мамандарын ЖБО жұмыс орындарында жұмыс әдістеріне оқыту жүргізілуде.

Астана қаласындағы ақпараттар желісі Астана қаласындағы ішкі істер органдары бөлімшелерінің 8 ғимараты (Жедел-басқару орталығы, Ішкіісмин, Астана қаласы ішкі істер басқармасы, ЖТҚД, ЖПД, Астана қаласының жол полициясы басқармасы, Тың КІБ және Сарыарқа аудандық ішкі істер басқармасының ғимараттары), оптика-талшықтық кабельдермен біріктірілген. Барлығы 20 шақырым оптикалық кабель төселген. Төселген кабельдің және қажетті желілік жабдықтардың көмегімен жоғарыда аталған бөлімшелер мәліметтерді жеткізу жылдамдығы 1Гигабит/сек (1Гбод) болатын бірыңғай компьютерлік желіге қосылған. Бұл осы бөлімшелерде орнатылған дербес компьютерлердің деректердің интеграцияланған банкіне енуді қамтамасыз етуге, ЖБО және MVD e-mail электронды почтада пайда болған жұмыс орындарын ұйымдастыруға мүмкіншілік туғызады. Сондай-ақ, графикалық ақпараттарды (фотосуреттер, дактилоскопиялық карталар, т.б.) беру мүмкіншілігі қамтамасыз етіледі. Болашақта, қосымша құрал-жабдықтар орнатылғаннан кейін бейнеконференциялар Өткізілуі мүмкін.

2- бөлім. Жоспарланған жұмыстар және 1999 жылғы жасалған

Келісім-шарт бойынша сатып алынатын жабдықтар.

(1 бөлімнің 2-ші кезеңі, жүзеге асыру - 2000 ж.)

Қазақстан Республикасы Ішкіісминіне (1999-2000 ж.) келісім-шарт шеңберінде жеткізілетін жоспарланған құрал-жабдықтар мен технологиялардың тізбесі 2-қосымшада ұсынылған.

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарына арналған компьютерлік жүйелер. 1 мамандандырылған сервер, 118 дербес компьютер, 1 желілік принтер, дербес компьютерлерді үзіліссіз қоректендіретін 8 қондырғы сатып алынады. Аты аталған компьютерлік техникалар Алматы қаласындағы ЖБО 28 автоматтандырылған жұмыс орындарын, Республика ішкі істер органдарында (аудандық звено) жедел-ізвестіру, анықтамалық, статистикалық-аналитикалық бағыттағы деректердің интеграцияланған банкін қалыптастыру мен пайдалану бойынша 90 автоматтандырылған жұмыс орындарын құру. Астана қаласындағы ЖБО деректер базасын ұйымдастыру үшін серверлік бөлігін қалыптастыру мүмкіншілігін туғызады.

Қазақстан Республикасы қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары, ПББ, ПБ, КІБ үшін лицензиялық бағдарламалық өнім (әрбір дербес компьютер үшін Windows 98 операциялық жүйесі - 118 комплект, Алматы қаласындағы ЖБО деректер базасының сервері үшін Windows NT операциялық жүйесі - 1 комплект, Алматы қаласындағы

ЖБО үшін Oracle деректер базасын басқару жүйесі - 1 комплект, Oracle мамандандырылған орталықтарында оқыту үшін - 2 адам).

Алматы қаласындағы Жедел басқару орталығы. Жобалық құжаттаманы, ЖБО-ның қызметтік жайларының дизайнын әзірлеу, 4 прожектордан және 4 экраннан тұратын проекциялық жүйені, 12 жұмыс орнының пультін, дыбыс күшейткіш жабдықтарын, матрицалық экрандарды, бейне қадағалаудың күзет жүйесін, үзіліссіз қоректендіру көздерін әзірлеу, Алматы қаласының электронды картасын және ЖБО-ның автоматтандырылған жұмыс орындарын бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, қалалық ведомстволық желімен интеграцияланатын жергілікті ақпараттық желіні құру, ЖБО-ның мамандарын жұмыс орындарындағы жұмыс дағдыларына оқытуды жүргізу жоспарланып отыр.

Алматы қаласындағы ақпараттық желілер. Алматы қаласы бойынша ішкі істер органдары бөлімшелерінің 12 ғимараты оптико-талшықтық кабельмен біріктіріледі (Жедел басқару орталығының, ҚР Ішкі іс министрінің "АӨО" РМК-ның, Алматы қаласы ПББ-нің, Алматы облысы ПБ-нің, Шығыс КІБ-нің, қаланың ЖПБ-ның және Алматы қаласының 6 аудандық ПБ-мен қалалық ПБ-нің корпустары). Барлығы 50 шақырымдық оптикалық кабель төсеу жоспарлануда. Полицияның аудандық бөлімдері өздерінің аудандық ПБ-мен "мыс" бойынша жалғастырылады, ол дербес компьютерлердің желіде 2 мб/сек жылдамдықпен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Төселген оптико-талшықтық кабельдің көмегімен жоғарыда аталған бөлімшелер бірыңғай компьютерлік желіге 1 Гигабит/сек (1 Гбод) беру жылдамдығымен қосылатын болады, ол осы бөлімшелерде орнатылған дербес компьютерлердің деректердің интеграцияланған банкіне енуін қамтамасыз етуге, ЖБО мен MVD e-mail электронды поштада пайда болған жұмыс орындарын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ графикалық ақпаратты (фотосуреттер, дактилоскопиялық карталар, басқалары) беру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Алдағы уақытта қосымша жабдықтар орнатылғаннан кейін бейнеконференциялар жүргізу мүмкін болады.

Транкті радиожүйелер. Алматы қаласындағы ЖБО радиобайланысының платформасы болатын Алматы қаласындағы қазір қолданылып отырған транкті жүйенің сыйымдылығын қосымша көбейту мен оны техникалық қайта әзірлеу көзделуде, сондай-ақ Астана қаласы үшін жаңа транкті жүйе сатып алу және оны ЖБО-да орнату көзделіп отыр, ол Астана қаласының гарнизоны бойынша радиожелілердің қажетті конфигурациясын құруға мүмкіндік береді, ЖБО-дан радиожүйе арқылы басқаруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ транкті және қарапайым (УКВ) радиожелілерін бірыңғай біріктіреді. Республиканың ішкі істер органдары үшін (әрбір ПББ-ПБ-КІБ-ге 100-150 радиостанция)

қарапайым радиостанциялар сатып алу ішкі істер органдарының бөлімшелерін

қазіргі замандағы радиобайланыс жүйелерінде пайдалануға әзір Жаңа сенімді радиостанциялармен және байланыс құралдарымен жабдықтауға мүмкіндік береді. Арнайы техника (жедел-іздістіру мақсатындағы). Республиканың ішкі істер органдарын арнайы және барлау техникаларының ең төменгі қажетті санымен қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Оқығандар:

Икебаева А.Ж.

Багарова Ж.А.